

20-25 қараша аралығындағы тәрбие жұмысының апталық жұмыс жоспары

Р/с	Өткізілетін іс-шаралар	Түрі	Уақыты	Кімдер қамтылады	Жауаптылар
1	Спидкубинг	Турнир	20.11	5-7	Жаймахан А
2	Төтенше жағдайлар комитеті	Кәсіби бағдар беру жұмыстары	21.11	10-11	Жасаганбергенова Б
3	Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ	кездесу	22.11	5-11	Жасаганбергенова Б
4	«Жемқорлық – сырқат»	дөңгелек үстел	23.11	5-11	«Адал ұрпақ» клубы
5	«Құқықтық тәрбие қалыптастыруда ата-ана ролі»	дөңгелек үстел	24.11	Ата-аналар	Әлеуметтік педагог
6	«Мен және жаңа орта»	тренинг семинар	25.11	жас мамандарға	Райымкулова Г
	«Тәуелсіз Қазақ елі»	патриоттық әндер байқауы	25.11	1-11 сыныптар	Дошанова А



20 қараша күні 5-7 сынып білім алушыларына арасында Спидкубингтен турнир өткізілді. Бұл шара гимназия қабырғасында бірінші рет өткізіліп тұр. Нәтижесінде I орынды Бегенов Дамир, II орынға Давлетов Дәрмен ие болды.



21 қараша күні «Саналы азамат» базалық жобасы аясында Ақтөбе облысының төтенше жағдайлар департаментінің Хромтау ауданындағы төтенше жағдайлар бөлімі кәсіби бағдар беру мақсатында Қазақстан Республикасы төтенше жағдайлар комитетінің Көкшетау техникалық институтында даярланатын мамандар мен оқу орны жайлы мәліметтермен таныстырып, жоғары сынып білім алушылары Ақтөбе облысы Төтенше жағдайлар департаменті бастығының орынбасары азаматтық қорғау полковнигі Өтегенов Ернұр Сапарұлымен, Ақтөбе облысының төтенше жағдайлар департаментінің авариялық құтқару жұмыстары мемлекеттік мекемесінің бастығының орынбасары азаматтық қорғау полковнигі Зулкашев Мәлік Бақтыгерейұлымен, Ақтөбе облысының төтенше жағдайлар департаментінің кадр бөлімінің бастығы азаматтық қорғау майоры Әділбеков Ербол Шынболатұлымен кездесті. Атаулы шара аясында сурет салу, мәнерлер оқудан байқаулар ұйымдастырылып, бишілер тобы флеш моб биледі. Келеген қонақтар байқауға қатысушыларды мақтау қағаздарымен марапаттады. Хромтау аудандық төтенше жағдайлар бөлімі мамандары өрттің алдын алуға байланысты оқу-жаттығу жұмыстарын жүргізді.





22 қараша күні «Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» тақырыбында балаларға түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Зорлық зомбылықтың құрбаны болмаудың алдын алу бойынша кеңестер берілді. Сонымен қатар дүниежүзілік балалар күніне арналған «Бала құқығы-адам құқығы» онкүндігінің басталғанын хабарланды.

23 қараша күні «Адал ұрпақ» клубының ұйымдастыруымен «Жемқорлық – сырқат» тақырыбында өткен дөңгелек үстел басында бейне материал көрсетіліп, тақырып бойынша ой қозғалды.





Қазіргі кезде құқықтық мәдениеті жоғары, білімді оқушылар тәрбиелеу және қалыптастыру ісі кезек күттірмей атқарылатын мемлекеттік маңызды шаралардың қатарында тұр. 24 қараша күні ата-аналармен «Құқықтық тәрбие қалыптастыруда ата-ана ролі» тақырыбында дөңгелек үстел болып өтті. Онда «Бала құқығы-адам құқығы» онкүндігінің басталғанын айтылып, тақырып аясында ой қозғалып, талқыланды.

25 қараша күні жас мамандармен мектеп психологы «Мен және жаңа орта» тақырыбында семинар тренинг болып өтті.



Астананың 20 жылдығына, тұңғыш Президент күніне орай «Тәуелсіз Қазақ елі» тақырыбында патриоттық әндер байқауы болып өтті. Байқаудың нәтижесі бойынша жеңімпаздар гимназия директорының мақтау қағаздарымен марапатталды.



Орындаған: Жасаганбергенова Б.И